



Тақырыбы:

Фонетика

Фонетика

ДЫБЫС ЖӘНЕ ӘРІП

Қазақ тілінде дыбыс саны -37.

Дыбыс бола алмайтындар-5: я(й+а), ю
(й+у),

ё(й+о) қосарлы дыбыстары және ь,ъ.

Қазақ тілінің алфавиті 42 әріптен тұрады.

Дауысты дыбыстар

- Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар.
- Олар: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э.

Тілдің қатысына қарай	Жақтың қатысына қарай	Еріннің қатысына қарай
Жуан (5): а, о, ы, ұ, у	Ашық (6): а, ә, о, ө, е, э.	Еріндік (5): о, ө, ү, ұ, у.
Жіңішке (7): ә, ө, ү, і, е, и, э, у.	Қысаң (6): ы, і, и, у, ұ, ү.	Езулік (7): а, ә, е, ы, і, и, э.

Дауыссыз дыбыстар

- Қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс бар.
- Олар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, (у).

1 Ұяң (8): б, в, г, ғ, д, ж, з.

2 Үнді (7): л, м, н, ң, р, у.

3 Қатаң (12): к, қ, п, с, т, ф, х, ч, ц, ш, щ, һ.

Буын

- Қазақ тілінде буынның 3 түрі бар.
- Олар: ашық, тұйық, бітеу.

Ашық буын	Тұйық буын	Бітеу буын
А - ға, ба - ла, бо - са – ға.	Ат, ант, Ки – <u>ік</u> , Тұң - ғи – <u>ық</u> .	Бал, таң, Тарс, бұлт, Мек – теп, бал - дыр – ған.

Тасымал

Тасымалдауға болмайтын жағдайлар:

1. Тек бір дауысты дыбыстан тұрған ашық буынды тасымалдауға болмайды: арми-я, а-та.
2. Бір буыннан тұратын сөзді: қант, бұлт..
3. Қысқарған сөздерді: ТМД, ҚР, БҰҰ.
4. Адам атының қысқартылған түрі: М.О. Әуезов, Н.Исманова.
5. Қысқарған өлшем бірліктерін сандардан айырып тасымалдауға болмайды: 15 кг, 20 кг, 100 га.

Екпін

- Қазақ тілінде екпін соңғы буынға түседі.
- Екпін түспейтін сөздер мен қосымшалар:
 1. Жіктік жалғауына: оқушымын, барамызт.б
 2. Болымсыз етістіктің жұрнағына: айтпа, барма, келме т.б
 3. Көмекші сөздерге: ғой, шейін, соң, арқылы т. б

Үндестік заңы

(сингормонизм заңы)

- Үндестік заңының 2 түрі бар: **буын үндестігі** және **дыбыс үндестігі**.

Буын үндестігі

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар:

1. Көмектес септіктің **-мен, -пен** жалғаулары сөздің соңғы буыны жуан, жіңішке болса да осы күйінде жазылады: Қалам**мен**, кітаппен т.б
2. **-нікі, -дікі, -тікі**: Асандікі, Мараттікі т.б
3. **-еке, -тай, -жан, -сымақ**: басаеке, әкетай т.б
4. **-паз, -қор, -қой, -ғой, -кер, -гер, -кеш, -хана, -күнем, -дар, -ист, -изм, -бан, -тал, -уар, -ов, -ев**: әсемпаз, әзілқой, сезімтал, мейірбан, Жабаев, Әуезов т.б

Дыбыс үндестігі

- Оның 3 түрі бар:

Ілгерінді ықпал	Кейінді ықпал	Тоғыспалы ықпал
Сөз бен қосымша арасында: қаш-са т.б Күрделі сөздерде: көзқарас (көзғарас), құрбы-құрдас (құрбы-ғұрдас) т.б Екі сөз арасында: ақ балық (ақ палық)	Түбір мен қосымша арасында: бас-шы (башшы) т.б Күрделі сөздерде: Есенгелді, он бес (ом бес), астан-кестен (астаң-кестен) Екі сөз арасында: ақ лақ (ағ лақ)	Біріккен , тіркескен сөздерде: 1 (с+ж=шш): Досжан (Дошшан), Тас жол(ташшол) 2 (н+к/қ=нғ, нг): Жанқожа (Жаңғожа), Есенкелді (Есеңгелді)


Орфография және Орфоэпия

Орфография – сөздердің дұрыс жазылу заңдылығы.

Орфографиялық заңдылық мына принциптерге негізделеді:

1. Фонетикалық принцип: ағаш-тар, қарт-қа т.б
2. Дәстүрлі принцип: айуан, хайуанат, кейуана, белбеу, бәтеңке т.б
3. Морфологиялық принцип: шекара (шегара), жер-көк (жер-гөк) т.б

Орфоэпия – сөздердің дұрыс айтылуы.



Назар
аударғандарыңызға
рахмет!